

ҰЛТ ҮШІН ТУЫЛҒАНДАР

Аліпбаева Қырмызы Тілепбаевна

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогика институты Түркі тілдер факультеті Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағдарының 3-курс студенті

Алашқа азаттық әкелу жолында шыбын жаны шыққанша шындық үшін шырылдап, бастарын ажалға байлаған ақындардың бірі - Ахан мен Жахан. Яғни, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы 1917 жылы құрылған Алашорда үкіметінің белді мүшелері. Олар екі анадан туса да, бір құрсақтан шыққан бауырдай, екі баспен ойласа да, айтар ойы, ауыздан шығар сөзі, таңдаған жолы, көздеген мақсаттары бір еді. Бұл жылдар патша өкіметінің отаршылдықты қалың қазақ даласында кенет күшейтіп, халыққа азуын батырып тұрған шағы болатын. Сол кездегі қазақ елінің көзі ашық, көкірегі ояу, оқыған, тоқыған, көргені мен білгені көп Алаш ұрпақтарының назарынан бұл жағдай тыс қалмады. Халық жайын жазса қалай айдауға кететінін, өздеріне қандай қауіп төнетінін білсе де езілген елін патша өкіметінің өктемдігінен құтқаруды, көзін ашып, сауатты етуді мақсат етіп қойды. Тағдырдың талқысымен, патша өкіметінің надандығымен бірі-ұстаз, бірі- ізбасар болған екі алаш ұрпағы қуғынға түсіп, қамауға алынып, айдауға салынса да ұйқыда жатқан қалың қазағын " Оян қазақ!" деп ұрандаудан, еркіндікке жетуінің себебі қараңғылық ұйқысынан ояту үшін " масадай" ызыңдаудан танған жоқ.

Міржақып өмір сүрген кезеңде оның атын жамылып, елге өзін Міржақыпшын деп таныстырып, оның бүкіл шығармаларын жаттап алып, қой аузынан шөп алмас, аңғал халықтан ірі қара малдарын алып, елді отырғызып кететін пайда табушыларда аз емес еді. Сондай-ақ, қара басының қамын ойлап өз қандастарын патша өкіметінің қолына ұстап беру үшін Ахмет пен Міржақыптың қасында көзбояушылық жасап, сатып кеткендерде болған. Содан болса керек " Іштен шыққан жау жаман", "Жау іштен шығады" деген пікірлер қалыптасқан.

Ұйықтап жатқан халқының дертіне ем таба алмай "Оян, қазақ!" деп шырылдап жүрген кезінде кенет елде ашаршылық дәуір басталды. Алаш зиялылары аштыққа ұшыраған халыққа 15 мың ірі қараны жиып елге үлестірген. Алаш зиялыларының бұл әрекеті аштыққан елге пайдасы тиіп жатқан кезде, патша өкіметінің тарапынан өздеріне қауіп төніп тұрған еді. Ірі қара бастарды аш халыққа емес, өздерінің туыстарына бөліп берді деген жаланың құрбаны болады. Патша үкім жүргізіп тұрған сол бір дәуірде елім, жерім деп, қазақ баласы қалай болмасын оқу керек деп, ұлттық сананы ояту жолында еңбек етіп жүрген азаматтардың соңына адам салынып, түрмеге қамауды көздеген. Меніңше, сондықтан болар тарихымызда " жігіт жақсысын түрмеден ізде" деген астарлы ой қалыптасқан. Бірақ бұл ой бүгінгі біздің заманымызға тура келмейді.



"Алаш" үкіметі құрылғанда " қазаққа жаңа күн туар" деген үмітпен Міржақып та, Ахмет те басы-қасында жүрді. Бүкіл ауыртпашылықты иығымен көтерді. Қазақта бұрын бастауыш, баяндауыш, тұрлаулы, тұрлаусыз дегеннің ешбірі болмаған. Тіпті, қазақ тілін ғылым етіп қуған адам да болмаған. Соның барлығын ешкімнің тапсыруынсыз, қолдауынсыз рет-ретке келтіріп, бір жүйеге салған Ахмет болды.

Қазақ журналистикасы мен қазақ әдебиетіне жаңа бағыт әкелген, қазақ даласында бұрын соңды болмаған роман жазып бастаған ақын Міржақып. Ең алғаш жазылған роман "Бақытсыз Жамал" Міржақыптың XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің бұл жанрдағы алғашқы жетістігі болды. Әр әдеби туынды, көркем шығарма өз заманының бейнесі демекші, Ахмет, Міржақып жазған шығармалардан сол дәуірдегі заман талабының қандай болғанын аңғара аламыз.

Ахметтің:

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,

Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша,

Ұйқысын азда болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса?

-деген қатарлардан жалқау қоғамды ұйқыдағы күйден оянуына қызмет еткендігін көреміз. Бұл Ахметтің "Маса" жинағынан үзінді қатарлар. "Маса" жинағының негізгі идеясы - қалың қазақ елінің көзін ашу, өнер - білімге, рухани дамуға шақыру. Біздің қазіргі пайдаланып жүрген психология, педагогика, есеп кітаптары, журналистика сияқты салалардың бәрі Ахмет есімімен байланысты. Өйткені, Алаш зиялыларының басын жинап, осы жоғарыда көрсетілген салаларды зерттеу жұмыстарын, оларды ғылым етіп жалғастыруды сол топтағы кісілерге бөліп берді. Елдің есінде түгел түсінде жоқ заманда есеп кітабын жазған, қосу мен алуды, көбейту мен бөлуді қазақшалап, Қазақстан тарихын 300 бет қылып шығарған Дулатов еді. Оның:

Көзінді аш! Оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты,

Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,

Қарағым,енді жату жарамасты, - деген өлең жолдарынан халқының жоғын жоқтап, мұңын мұндап, азуы алты қарыс патша өкіметіне қарсы шығып, халықтың жағдайын ашық айтып, ұлт азаттығы үшін күрескені сезіледі.

Әу, баста,қараңғыдан бас көтермей жатқан елді ояту, сауатын ашу оңай бола қойған жоқ. Ахмет масасын ұшырса, Міржақып "Оян,қазақ!"деп ұрандады. Тіпті, кейбіреуі орыс газеттеріне қазақ жерін тартып жатқан патша саясатына қарсы мақалалар жазды. 1928 жылдың аяқ тұсында Қазақстанда революцияға дейінгі зиялы қауымдарды қудалау басталды. Оларға Алашорда қозғалысын қайта қалыптастыру үшін астыртын әрекет етіп жүр деген айып тағылды. Осындай айыппен Міржақып Дулатұлы да қамауға алынды. 1930 жылдың сәуір айында ОГПУ коллегиясының шешімімен ату жазасына кесілді. Бірақ, бұл үкім 10 жылға түрмеге қамау жазасымен алмастырылды. Міржақыппен бірге ату жазасына кесілген Жүсіпбек Аймауытовтар



сол жылы атылады. Міржақыпты ақыл-есінен айыру үшін жалғыз өзін қамап қояды. Бірақ, қайратты азамат өз-өзін жоғалтып алмау үшін төрт қабырғаның ішінде өзін жаттықтырады, қабырғаларға жазу жазады, алдына әкелген нанның қалдықтарынан шахмат фигураларын жасап шығады. Көп ұзамай 1935 жылы Сосновец лагерінде қаза табады. Солай етіп, 50 жылдан көп уақыт өтіп, жаңа заманның жаңа лебі есе бастады. Жалған жаламен датталған Міржақып ақталды! Содан бастап, ақынның аты, шығармалары мектеп оқулықтарының бетінде жарияланып, кітаптары баспадан шыға бастады.

Халқы ауыр тұрмыс кешіп, орыс отаршылдардың айдауында жүріп, қаралы күндер мен түндерді өткізіп жатқанда, жайбарақат отыра алмай, халқымен бірге қиналып, кірпік қақпай, күндіз күлкіні, түнде ұйқыны тиып, намысқа тырысқан ақындардың басып өткен жолдары еске түссе, көзге еріксіз жас келері анық. Мінекей, біз осындай елі үшін, болашақ ұрпағы үшін жанын құрбан етуге дейін барған Алаш зиялыларының ұрпағымыз!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
2. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
4. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009.